

FTAXP 17.07.41

А.С. Насиева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Сулейман Демирел университеті  
Қаскелең қ., Қазақстан

## 1960-ЖЫЛДАРҒА ДЕЙІНГІ МАХАМБЕТ ДӘСТҮРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ

**Аңдатпа.** Аталған мақалада Махамбеттің қазақ поэзиясына салған сара жолын бағдарлап, ақынға арналған поэзиялық туындылардан бейнесін танымыз. Махамбет бейнесінің суреттелу жағдайын оған арналған қазақ лирикасы мен поэмаларының мысалында алынып, сол туындыларды пайымдау негізінде батыр ақын тұлғасының көркемдік шешімі жайлы ой түйінделеді. Мақаланың осы мақсаттарынан туындайтын міндеттері белгіленді. Махамбеттің өз кезеңінен бастап 1960 жылдарға дейінгі аралықта ақынға арналып жазылған поэзиялық туындыларды ғылыми тұрғыдан зерттеп, көркемдік сипатын даралап, Шернияз Жарылғасұлы мен Ығылман ақын туындылары арқылы ақынның көзі тірісінде-ақ жырға айналған тұлға екені дәлелденіп, Махамбетпен тағдырлас, рухтас жыр жауһарлары шығармашылығын салыстыра отырып көрсетілген.

**Кілт сөздер:** Махамбет дәстүрі, қазақ поэзиясы, қазақ әдебиеті, поэзиядағы рухтастық, дәстүр жалғастығы.

\*\*\*

**Аннотация.** В данной статье рассмотрена роль личности Махамбета в развитии казахской поэзии на примере поэтических произведений, посвященных творчеству и деятельности Махамбета. Целью проведенного исследования было описание образа Махамбета посредством казахской лирики и поэм, посвященных ему, и оценка его вклада в развитие казахской поэзии, привести примеры художественных решений личности поэта-батыра на основе анализа произведений о нем. Были определены следующие задачи: исследование и описание художественной обособленности поэзии, посвященных Махамбету до 1960 годов. На основе произведений Шернияза Жарылгасулы и Ығылман доказать, что еще в годы жизни Махамбет стал личностью, которую воспевали в песнях и стихах. Представить сравнительный анализ его творчества и духовно близких ему современников, имеющих похожую судьбу.

**Ключевые слова:** традиции Махамбета, казахская поэзия, казахская литература, духовная близость в поэзии, преемственность традиций.

\*\*\*

**Abstract.** This article discusses to learn the identity of Makhambet with the help of poetic works dedicated to him and assess the contribution of Makhambet to the development of Kazakh poetry. Describe the image of Makhambet through Kazakh lyrics and poems dedicated to him, and draw conclusions about the artistic decisions of the poet batyr person on the basis of the analysis of works about him. Goals define the following tasks: study and description of the artistic isolation of poetry, dedicated to Makhambet from the time of Makhambet until the 1960s. Based on the works of Sherniyaz Zharylgasuly and Ygylman, prove that even in his lifetime Makhambet became a person about whom they sang in songs.

Compare and show the creativity of spiritually close contemporaries with Makhambet, who have a similar destiny.

**Key words:** Makhambet traditions, Kazakh poetry, Kazakh literature, spiritual affinity in poetry, continuity of traditions.

Арқалы ақын Махамбет Өтемісұлының қылыштай өткір, отты жырлары ұлтымыз үшін әрқашан баға жетпес құндылық. Өйткені, ақынның жұрт жүрегін жандыра, намысын қоздыра айтқан жырларынан халқымыздың именбес өр мінезі, қажыры мен қайраты, өзіндік тік болмысы атойлап тұрады. Каспийдің ағынды толқынындай сөз маржандарын тізбелеп, жаһұттай жария еткен ақын туындыларын беріліп, бар жан-тәнімен сезініп, азаматтыққа, күрескерлікке сынақ тапсыру мақсатында оқу керек. Олай болатын себебі, батыр баба жырлары - азаматтық поэзияның хантәңірі, бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі.

Махамбет болмысы өзі көзі тірісінде-ақ қалың бұқара үшін ерліктің, қайтпас қайсарлықтың белгісіне, кесек жырлары азаттық жаршысына айналып үлгергенді. Осы тұста академик З.Қабдолов: «Ақын болу – бір бар, ал оның үстіне батыр болу ше? Және де ақын-ақын, батыр-батыр қалпында бөлекше тұрып қалмай, ақындық пен батырлық бір тұлғаның табиғатында ару әйелдің әдемі бұрымындай өріліп, баяғы бабалар дәуірінен бермен қарай тек қана азаттық аңсаған асыл ерлердің азап пен қорлыққа қарсы ашулы дойырына айналса о, бұл енді әр ғасырда бір кездесетін аса сирек құбылыс» [1], - деп атап көрсеткендей Махамбет феномены расымен де таңғажайып құбылыс.

Махамбет тақырыбы төл поэзиямыздағы негізгі арнасы сонау ХІХ ғасырдың 30-жылдарынан бастау алып, бүгінге дейін үзілмей жарық көріп келе жатқан поэмалар мен дастандар, өлең-жырлармен құнды тақырыптың бірі. Ең алдымен бейнесі өз төл туындыларынан көрініс тауып, кейін алғаш рет Шернияз Жарылғасұлы жырларында есімі

құрметпен аталды. Шернияз ақынның Махамбеттің замандасы, Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісіне белсене қатысып, көтеріліс жеңіспен аяқталған соң да, батырмен етене жақын араласқандығын, Махамбет шығармашылығының заңды жалғасы ретінде, патша отаршылдығы мен хан-сұлтандардың езгісін батыл жырлағандығын тарих беттерінен де, дүйім жұртшылыққа мәлім 1836-37 жылдардағы халық көтерілісінің жендеті, сұлтан Баймағамбет Айшуақовқа айтқан отты жырларынан да аңғарған едік. Бұған дәлел Қажым Жұмалиевтің «Шернияз көп жылдар бойы Жайықтың арғы бетінде Бөкейлікте Исатайдың жыршысы, серігі ретінде жанында болды. Исатай-Махамбет халықты хан, сұлтандарға қарсы күреске ұйымдастырғанда үгітші-ұраншысының бірі Шернияз ақын болған. Махамбет өз өмірінің соңғы кезінде де Шернияз үйіне әлдегенше келіп, қонып кетіп жүріпті» [2], - деген пікірі болмақ. Халыққа Кете Шернияз атымен танылған ақын, қазақ поэзиясында Махамбеттен кейін жарқын туған адам. Шернияз өлеңдерінің ерекшелігі - көтеріліс ізі суымай тұрған уақытта жарық көргендігі. Шернияз ақынның Баймағамбет сұлтанға айтқан өлеңінде:

Па, шіркін Исатайдай сабаз тумас!

Қас итсің қасыңа да адам жуымас!

Ел ұстап жұрт билейтін қылығың жоқ,

Хан емес, хас қатынсың мұндар қу бас [3], - деп тайсалмастан Махамбетше ішкі ойын анық сездіре білді.

Осы өлең жолдары жөнінде ғалым Ж.Тілеповтың: «Шернияздың бұл жерде Махамбетке ұқсастығы - адамдық тұрғыдан Исатайды барынша жақсы көріп, оның дұшпандарының бірі - Баймағамбетті жек көруінде болса, ақындық тұрғыдан сол тарихи тұлғалардың адамдық кейпін әдеби алмастыру, метафора әдісімен өрнектеу ерекшелігінде жатыр дер едік. Егер Махамбетте Баймағамбет «нар қоспақтың баласына» теңелсе, Шерниязда біресе жай итке, біресе төбет итке баланады. Сондай-ақ, аға сұлтанды сол кез түсінігінде «қас қатынға» балау да аяусыз әшкерелеу болып табылады [4], - деген пікірі, Махамбет сарыны Шерниязда үндестік тапқандығын, ақындық ықпалының мол болғандығын аңғартады.

Алғаш аты аталып, Махамбеттің алдында көзбе-көз айтылған жыр - Ш.Жарылғасұлының «Махамбеттің жұмбағы» атты туындысы. Өлең құрылымы өзгеше, басқы шумағы «Шернияздың сөзі», кейінгі 17 жолы «Махамбеттің жұмбағы» деген атаумен берілген. Махамбет Шернияз ақынға жұмбақ жасырып, жұмбақ жауабын Шернияздың өзі шеше алмай, әкесі Жарылғас шешіп береді. Шернияз өлеңінің алғашқы шумағында «Жолдасы Исатайдың ер Махамбет» десе, Махамбет өз жұмбағында «Баласы Жарылғастың ер Шернияз» деп бір-бірін ерен сипаттап, «ер» деп бағалай білгенін аңғарамыз. Осы шумақ төл поэзиямызда Махамбетке арнап жазылған алғашқы өлең, сонымен қатар Махамбетті «жолдасы ер

Исатай - ер Махамбет» деп сипаттау да алғашқы пікір болуымен және бұл өлең ақынның көзі тірісінде өзіне тікелей арналып айтылғандығымен бағалы. Кейін өлең Махамбеттің 1974-жылы жарық көрген «Ереуіл атқа ер салмай» жинағының соңында «Шерниязға айтқан жұмбағы» деген атпен берілген.

Батыр ақын есімін айрықша қастер тұтып, оны баршаға үлгі тұтқан жыр жолдарын сол кезеңнің сегіз қырлы, бір сырлы өнерпазы, ақын композитор, Исатай – Махамбет көтерілісіне қатысқан Сегізсері Шақшақұлының (1818-1854) шығармашылығынан кезіктіреміз. «Үбі батырға», «Шомбал биге» өлеңдерінде Махамбет пен Исатай есімдері ерекше сүйіспеншілікпен аталады. Мәселен, «Шомбал биге» атты өлеңінде бидің бойындағы барлық жаман, адамдықтан ада қалпын сипаттай келе, жанындағы серіктерінің өзі секілді зұлым екендігін ашып айтады. Артық туған қос тұлға Исатай мен Махамбеттің бірін шешен, асыл ерге балап, бірін кемеңгер, көсем деп ұлықтайды. Шомбал бидің жасаған қастандығын иттің әрекетіне балап, бұл ісі үшін елі тарапынан қарғыстан басқа алары жоқ екендігіне ашынып, айуандық қасиетін бетіне басады. Өлең Жәңгір ханның он екі биінің бірі Шомбалға арнап 1837 жылы жазылған, Шернияздың шумағы сияқты Исатай мен Махамбеттің көзі тірісінде жазылған туынды болуымен де құнды.

Ендігі кезекте батыр ақынға арнап тұңғыш эпикалық дастан жазған, Махамбеттің жерлесі, өз өлкесінен шыққан Абыл, Нұрым, Қалнияз, Жаскелең, Мұрат сынды дүлдүлдердің ізбасары Ығылман Шөреков туралы сөз етеміз.

Ығылман Шөреков - соңғы екі ғасыр тоғысындағы төл поэзиямыздың нар жүгін көтерген, өз творчествосында Махамбет жырларының отын сөндірмей сақтаған майталман жыр жампоздарының бірі. Көлем қомақтылығы жағынан да, идеялық көркемдік жағынан да «Исатай - Махамбет» аталатын дастанымен табан тіресетін шығарма әдебиетімізде некен-саяқ. Махамбет пен Исатай ерлігін мадақтаған, бұрынғы Бөкей шаруаларының патшалық отаршылдық пен хан үкіметінің тепкісіне қарсы көтерілісті, оның басшысы қос батырды жырлаған бұл дастан - ұлтымыздың өрлік тарихының ең сәулелі кезеңінен саналатын сол көтерілістің ақындық көркем шежіресі. Ығылман бұл дастанда батыр бейнесін қаз қалпынан айнытпай, шебер суреттеп, шынайы тұлғаларды сомдау арқылы жыр биігіне шығара білген. Ақынның бұл дастаны хақында жазушы Мұхтар Әуезов: «Ақынның жыры тарихта ізі қалған жыр, анық оқиғаның дәл өзінен туған шындық, тазалықпен айтылады. Мұнда көмескілеген жасырын жоқ. Исатай қолының шаңы басылмай, дүбірі мен даңқы ел аузында ескірмей тұрған уақытта шыққан. Ол оқиға көпке дейін ескіруі мүмкін емес. Себебі, Исатайды шығарған себептер сол оқиғаны тудырған тарихи халдер Ығылман заманында да кеміген жоқ, көп істе патша үкіметі бұрынғыдан да қаталырақ болып алған. Сондықтан

Исатайлар заманында Абылай, Бұқар жыраудың атак-даңқы қандай болса, Ығылман заманында Исатай-Махамбеттер де сондай қадірлі аруақ болған» [5], - деп, дастанның тарихи шындық, тарихи деректерге толы екендігін алға тартса, Қ.Жұмалиев: «Бұл шығармада тарихи поэмаға тән ерекшеліктер қайсы? Олар ең алдымен уақиғаға қиял араласпай, реалистік түрде суреттелуінде, уақиғасының, оған қатысушы адамдарының тарихи шындығында деуге болады. Мысалы, поэмада суреттелетін кейбір эпизодтарды тарихи мәліметтермен салыстырып көрсек, дәлме-дәл шығып отырады. Бұл поэманың бір құндылығы міне осы тарихилығында деуге болады» [6], - деген пікір арқылы туынды жанрлық ерекшеліктерін нақты атап көрсетеді.

«Ығылман өзі үлгі алған әдеби ортаны әркез қадірлеп, оның көрнекті туындыларын халық кәдесіне жаратуға қызмет етті» [7], - деген зерттеуші, ғалым Қ.Сыдықовтың баға бергеніндей, бірқатар ақын-жыраулардың шежіре - дастандары, жыр - термелері бүгінгі таңға дейін бояуы қанық күйінде жетуі Ығылман ақынның дарындылығы мен келешек үшін атқарған тынымсыз еңбегінің жемісі. Дастанды жазуға ақынға кеңес берген, кітап болып жарияланып, халыққа насихатталуының негізгі ұйытқысы болған ол - Х.Досмұхамедұлы. Ығылманның көтеріліс тарихын жырлауға қосқан үлесі жөнінде жазушы Б.Аманшин: «Бұл ақынның азаматтық борышын, ардагер бабаларының ел үшін еткен еңбегін ұлықтамақ міндетін дұрыс ұққандығының айғағы» [8], - деген пікір айтады.

Жыр сүлейі атанған Ығылман өлеңді жазып шығарған ақын ретінде белгілі, оған дәлел ақын өзі көзі тірісінде туындыларын «Сәуле» журналына, «Исатай - Махамбет» дастанын сол тұстағы Ташкентте жарық көрген «Аламан», «Исатай - Махамбет» жинақтарына енгізуі еді. Ақын өмірінде атқарған ең бір ұлы ісі, бұл - Махамбет өлеңдерін келешек ұрпаққа таратуы, қаз қалпында насихаттауы еді.

Поэмадағы елеулі тұлғалар – Махамбет ақын Исатайдай арыстанның жан серігі, оның батырлығына басын иіп, есімін өз жырларынан тастамай, мадақтай түскен. Бұл дастан қос батырға қатар арналды десек те, эпикалық шығарма сюжеті Исатайдың бастан кешірген уақиғаларымен, ерлік қасиетін көрсетуге арналып, Исатай бейнесі арқылы өрбітілген. Махамбеттің поэмада «қанды көбе киінген» батырлығы, әділ төрелігі, алмастай қиып түсер өткірлігі шынайы түрде бейнеленген. Мәселен, Қиялымоладағы хан жасағымен тұңғыш рет кездескендегі ұрыста Ығылман ақын Махамбетті былайша суреттейді:

Торда қалған сұңқардай  
Соғысқа батыр босанған.  
Мінгені бәйге тарлан-ды,  
Кейінде қалып арман-ды.  
Қашырмай жауды тұрғанға

Қатты жаман арланды [9].

Осындай көріністер дастанның өн бойында аз кездеспейді. Көбінесе Исатайдың ерлігін көрсетуге қатыстылары басымырақ болып келеді. Бірақ көтеріліс басшысының сенімді серігі Махамбеттің оның қатысқан ұрыстарының қай-қайсынан да тысқары қалмағаны ақиқат нәрсе. Демек, Исатай жырланған жерде Махамбет те жүр деген сөз шындыққа сәйкес келеді.

Махамбет бейнесі ең алғаш рет дастанда Қиялымоладағы айқас кезінде танылса, екінші мәрте Жәңгір ханның жендеттері келген кезінде көрініс табады. Осы сәтті Ығылман Махамбетті ерекше суреттеп, Исатайдан басты ерекшелігі, үгітшілдігі, жанқиярлығы деп бағамдайды.

Махамбеттің өзіндік жорық жырларымен нөкерлерін бір серпілтіп, рухына рух қосып, жігерлендіріп отырған тұсын дастан беттерінде былайша өрбітеді:

Сөз мереке жасатып,  
Көңілдің дертін босатып,  
Бір-екі сағат айналды  
Махамбет сынды батырдың  
Қайрап айтқан сөзінен  
Жабыққан ерлер пайда алды [9, 100 б.].

Қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданына қарасты, Қарабау ауылында дүниеге келіп, 1843-1906 жылдары ғұмыр кешкен, буыны бекіп, қабырғасы қатаймай жатып-ақ Махамбет өлеңдерімен сусындап, Махамбетше жырлап, сөз саптауға дағдыланып, ақын болып қалыптасқан Мұрат Мөңкеұлы еді.

Мұрат өзінің «Үш қиян» толғауында елді қасық қаны қалғанша қорғаған ерен ерлердің есімдерін құрметпен айтып, дүйім жұртшылыққа паш етеді. Ақын атаған асыл ерлер қатарында халықты отаршылдыққа, хан зәбіріне қарсы көтеріліске бастаған Исатай мен Махамбет те бар. Мұрат ақын Исатай мен Махамбеттей қос наркескен тұлғаны аруақты ерлерге балап, зор ілтипат көрсетеді. Махамбеттің асқан ер екендігін бөлекше жырға қосады.

Оның өлең жолдарынан біз ақынның сүйініші мен күйінішін, ішкі мұңын айқын сезінеміз. Сүйініші ретінде осындай елге тұтқа болар ерлеріміздің болғандығы, ал күйінішіне отаршылдықтың елдің бірлігін бұзғандығы, қазіргі таңда сондай қажырлы ерлердің жоқтың қасы екендігін мысал ретінде атап көрсете аламыз.

Бұл бағамдау Мұрат ақынның Исатай мен Махамбет көтерілісінен жақсы хабардар екендігінің белгісі ғана емес, ақынның Махамбет поэзисын жаттап ер жеткен, осы жалынды жырлардың әсерімен қалыптасқандығының дәлелі іспеттес. Себебі, Мұрат ақын қай жерде, қай қиырда жүрмесін мейлі, аузын ашса Махамбетті әулие тұтып, атын атамай сөз сөйлемеген. Махамбет пен Исатайдың атын атап, сөз

бастамағандарды ақын деп білмеген. Жамбылдың пірі – Сүйінбай болса, Мұраттың пірі – Махамбет ақын болған.

Мұрат ақын жырларында Махамбеттің сарыны, мақамы, сөз оралымдары басым. Мұрат та Махамбетше жер-жебіріне жеткізе жырлайды, халқымен бірге қан жұтып, елімен бірге еңірейді.

Мұрат Мөңкеұлын біз тек ақиық ақын ретінде ғана емес, халықтың ардақ тұтар ұлы Махамбеттің өлеңдерін жұртына шашау шығармай жеткізуші, әдебиет тарихының білгірі, Махамбеттанушы ретінде бағалауымыз қажет. Мұрат пен Ығылманның Махамбетті халқымен қайтадан табыстыруы – қалың қаймана қазақтың игілігі жолында жасалған азаматтық іс деп білеміз. Махамбеттің Ығылманмен, Мұратпен сабақтастығы ұлы мұраны бүгінгі таңға дейін жеткізген қасиетті керуеннің алтын көпірі болып қала бермек.

Сөзсіз, Атырау, Маңғыстау, Орал, Ақтөбе аймақтарының Мұраттан кейінгі суырып салма ақындары мен жыраулары осы ізбен жүріп, осы даңғыл жолға түсті дер едік. Махамбеттің жыраулық көңіл-күйі, эмоциясы, ақпа-төкпе екпіні батыс өңірінің жазба ақындарының табиғатынан табылып, Махамбет қалыптастырған дәстүрді сақтаудың және оны жаңаша түрде дамытудың үлгісі іспеттес өрбіп келе жатқандығын айта кету ләзім.

Таңданатыны жоқ, қарт Каспийдің шалқыма шуылы мен алып тасқыны өз маңайындағы елдерді қалай дүркіреткен болса, Махамбеттің жыр теңізінің толқыны да осы аймақты жайлаған елдің құлағын ашып, құрышын қандырып, тұнығына бойлатып, бүкіл бітім-болмысының жүрек безбенін дәл басып, санағы нық орныққан болатын. Махамбеттің дәстүрлі сөз саптаулары шабытын осындай жыр қайрағына жаныған ақындар шығармашылығына ықпалын тигізді.

Махамбеттің отты жырларымен ерте танысып, отаршылдық езгінің қасіретін тартқан, халық поэзиясының тұнығынан нәрленген, азаткер жүректердің асыл арманын толғаған айбынды ұлының істерімен тағдырын терең зерттеген ақын Берқайыр Аманшин еді. Берқайырдың ерекшелігі Махамбет пен тарихи тұлға Исатай туралы тарих астарында жатқан тың деректерді тауып, айналымға қосқандығы. Б.Аманшиннің «Махамбеттің бабалары мен ұрпақтары» деген атаумен топтастырылып басылған (1991ж.) әдеби зерттеу еңбегі өзі дүние салғаннан кейін ақын өмірі мен шығармашылығын ғылыми тұрғыда таразыға салуымен құнды еңбек ретінде бағаланды. Кейініректе «Арыс» баспасынан 2004 жылы шыққан Махамбет туралы «Жыр-Семсер» атты жеке жинақтың шығуына негіз болды.

Б. Аманшиннің Махамбетке қатысты еңбектері Махамбеттану арналарына қосылған іргелі ізденістердің біріне айналып, Махамбеттің тарихи тұлғалық, ақын ретіндегі шығармашылық қадірі мен қасиетін тануға алдыңғы буын зерттеушілер Қ.Жұмалиев, Х.Досмұхамедов сияқты

басқа да ғалымдардың еңбегін толықтырып қана қоймай, кейінгі зерттеулерге жолбасшы болып, әдебиетшілердің тарихи ізденістеріне бағыт сілтеуші сенімді ақпарат ретінде толығымен мойындалды.

Берқайырдың «Даладағы дауыл» туындысы Исатай - Махамбет бастаған ұлт - азаттық көтерілісті суреттейтін сюжетті поэма. Бұнда ақын Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліс уақиғасын арқау етіп, «Князьдағы қараңғы үй», «Кездесу», «Үбі келгенде», «Махамбет пен Қарауыл», «Балқынның үйін өртеу», «Ордаға! Ордаға!», «Махамбеттің монологы» атты жеті бөліктен құралған, әр бөлігі Махамбет ақынның өмірінің арнаулы кезеңін қамтып, көтерілістің тарихи даму сәттерімен тікелей байланыста өрілетін көркем поэма жарыққа шығарған. Берқайырдың бұл поэмасынан поэма жанрының көне үлгісі сюжетті поэма сарындары анық байқалады. Бұл ертеден келе жатқан дастандық шығарма, эпикалық жанрдың көне дәстүрлі түрі. Бұл көтеріліс жай-жапсары туралы бұған дейінгі аралықта ақындар жыр арнаған-ды. Ерекше атай кетерлігі, жоғарыда аталып өткен әйгілі ақын Ығылман Шөрековтің «Исатай-Махамбет» атты тарихи дастаны.

Дастанның бірінші бөлімі Ташкенттегі Қазақстан мемлекет баспасының күн шығыс бөлімінен 1925 жылы шыққан «Исатай-Махамбет» жинағында, екінші бөлімі де аталған баспадан «Аламан» деген атпен жарық көрген жинаққа енді. Кейініректе «Халық поэмалары» (1939), «Дастандар» (1960) жинақтарында басылса, Б.Аманшиннің құрастыруымен 1976 жылы «Исатай-Махамбет» атымен қайта жарыққа шықты. Берқайыр Ығылман Шөрековтің 100 жылдығына орай дастандары мен өлеңдерін құрастырып, «Ел ерлігін жырлаған» деген Ы.Шөрековтың эпик ақын екендігін танытатын ғылыми мақала жазды. Берқайыр дастанының басты айырымы - Исатайдың негізгі тұлға ретінде көрінуі. Эпикалық шығармада Исатайдың басынан өткерген оқиғалар тізбегі Исатайдың өз бейнесі арқылы ғана өрбітіліп, дамытылуы. Хан Жәңгір мен ер Исатай арасындағы сөз тірестері, батырдың өз ауызынан айтылған монологтар осының айқын дәлелі. Жыршы жырда Жәңгір мен Исатай арасындағы өрбіген диалогтар арқылы, Исатайдың мінез-құлқын ерекше танытып, жан-жақты ашып көрсетеді.

Күн бір бүгін болғанда,  
Байтақ елден бездіріп,  
Аяғымнан тоздырып,  
Сарғалдаңға түсірдің,  
Сарыарқаны кездіріп,  
Астанамды қор қылдың  
Андықан жауға ездіріп [10].

Исатайдың үгіт-насихат сөздеріне келген кезде ақын, Махамбеттің көтеріліс барысында туған жырларын дастанға қосып, монолог-диалогта мазмұнын қаз қалпында сақтауға тырысқан.



Берқайыр Аманшин бұл шығарманы: «Исатай мен Махамбеттің ерлігін мадақтаған бұл дастан - қазақ халқының ерлік тарихының ең жарқын кезеңінен саналатын сол қозғалыстың сұлу шежіресі» [11], - деп бағалаған болатын.

Ығылманның «Исатай-Махамбет» дастаны Б.Аманшиннің «Даладағы дауыл» поэмасының жазылуына ұйытқы болғандығын аңғартады. Берқайыр керісінше Ығылманда жеткілікті дәрежеде көрініс бермеген Махамбет бейнесін, ерлігін шынайы түрде сомдауға күш салып, романға жаңа серпіліс әкеледі. Поэманың оқиғасы ширақ, біртіндеп дамып отырады. Соңы Махамбеттің сөзімен аяқталады:

«Аллалап» басым көтердім,  
Әдіра қалып қу тақтай,  
Арқама тастай тигесін  
Айтыпта айтпай не керек.  
Алдыртып жауға еркімді,  
Басыма нокат кигесін.  
Аш өзегім күйгесін, -  
Сөйлеп те Махаң не десін ? [12]

Бұл жолдардан Махамбеттің өз монологы еске түседі:

Айтып-айтпай не керек,  
Құсалықпен өтті ғой,  
Махамбеттің көп күні! [13]

Берқайыр поэмадағы Махамбет образын тап үшін күрестің емес, ел еркіндігі жолындағы, патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы күрескер ретінде танытады. Бұл туындының таптық талап дәрежесіне түсірмей, әрлендіріп, ерекшелік беріп тұр. Поэмадағы басты ерекшелік, тарихқа негізделіп, тарихи тұлғалар өмірінен сыр шерткендіктен болар, ұлттық ұран басым болып келеді. Бұл поэмада Махамбеттің толғауларынан анық байқалады:

Отырсың, міне қаумалап,  
Мал мен басың дауға қап,  
Қайран ерлер қайдасың ?  
Ардагерлер қайдасың ?  
Сырым батыр шеруі,  
Сондағы ерлер қайдасың ?  
Аламанды қорғарға,  
Ақырып теңдік сұрарға! [12, 256 б.]

Бұл шумақтардың өзі-ақ ұлттың қанына сіңген мінезді, поэзияның керемет үлгісін, ақындық өзіндік «мен», лирикалық тұлға бейнесін көрсетіп тұрғаны хақ.

Поэма ерекшелігінің бірі - ұлт-азаттық көтеріліс тұсында Махамбеттің ақындық даралығын, көшбасшылығын сұлу леппен жырлауында. Басты құндылығы да сол, тек жойқын жорықтар мен

сұрапыл соғыс кезеңдеріндегі ерлікті ғана насихаттап ғана қоймай, әлеуметтік қысылтаяң жайды, заман бет-бейнесін шебер суреттейді. Ұлт поэзиясына өзіндік қолтаңба, өзіндік астар, үн ала келмесе де, дәстүрлі поэзияны жалғастырушылардың бірі, өзіндік көркем тіркес иесі қатарынан саналады. Поэмадан көркем әрі бейнелі суретті мына жолдардан кезіктіреміз:

Қабағы дөңес қой көзді,  
Қараса тура - көзі оқтай.  
Қадала қалса бір өзі,  
Қоярдай көпті қозғалтпай.  
Бағзыда қасын қағуы,  
Басқадан тіпті өзгерек.  
Түп-түгел бес қаруы,  
Үстінде жалақ бөз көйлек.  
Кең иық, мығым бейнесі,  
Атымен бірге біткендей [12, 243 б.].

Б. Аманшиннің Махамбетке арнаған туындылары жетерлік. «Жайық желі» аталатын таңдамалы жинағына енген Абақтыда (Махамбеттің монологы), "Даладағы дауыл" (Көтеріліс суреттері) атты жыр жазбалары, сонымен қатар «Махамбеттің тағдыры» деген атпен жарық көрген роман, әдеби-зерттеулер еңбегі бар. Бар ғұмырын осы Махамбеттануға арнады. Себебі бір ғана «Махамбеттің тағдыры» еңбегін жазу үшін ол адам айтқысыз қыруар еңбек етті және бұл Берқайыр туындыларының өркеші биігіне айналды. Махамбеттің жас шағынан жаттап өскен өлең-жырларының әрқайсысының шығу жазылу тарихын, мерзімін анықтаудан бастады. Ол туралы талдаулық, дискуссиялық мақалалар жарыққа шығарып, тілдік тұрғыдан зерттеу жүргізуге көшті.

Сондай қарқынды ізденістің арқасында Махамбет туралы күрделі романның даңғыл жолына түсті. Бір өкініштісі, роман аяқталуға таяу уақыт қалып, енді теріле бергенде, қаламгер ауыр науқастан көз жұмды. Тағдыр Б.Аманшинге романды өз қолына алып, ұзақ жылдар бойы төккен тері мен ізденісінің нәтижесін көзімен көруді жазбады.

Қазақ әдебитінде Махамбет тақырыбы үздіксіз сөз болып келе жатқан ауқымды тақырып. Соның қатарында көрнекті жазушы, ақын Әбіш Кекілбаевтың Махамбетке арнап жазған шығармалары да бар. Жазушының бала шақтан құмарта тыңдап, түбіт иек бозбала шағынан бастап қалам тербеген сүйікті тақырыбы да осы - Махамбет. Ең алғаш Махамбетке арнап «Қызғыштың әні» атты туындысын студенттік жас шағында жарыққа шығарып, ойларын ұзақ уақыт зерделей келе көлемді туындысы «Шандозды» туғызды. «Қызғыштың әні» бұл «Шандозға» дейінгі іргетас, баспалдақ ретінде қаланды.

«Шандоз» тарихи - баяны қазақ әдебиетіне тарихи тақырыпты жырлауға, зерттеп, ізденуге көрсетілген әдіснама, темірқазық іспеттес.

Әбіштің «Шандозының» ерекшелігі Махамбетті толық текстологиялық тұрғыдан оқып, тұнығына бойлағандығы, «Шандоз» деп аты аталып тұрғандай, сөздік қолданыста жоқ сөздерді халық жадында қайта жаңғырту, жандандыру.

«Шандоз» атауы Махамбет өлеңдерінде: «Керіскедей шандозым» деген Исатайға берілген теңеу үлгісінде келтіріледі. Яғни «Керіске» Маңғыстауда, Адай елінде келіскен, көз тартатын, жүрісі өте майпаз, сәнді қозғалатын алып бауырымен жорғалаушы жануар ретінде қолданылып аймақтың қамысты, қорысты, елсіз жерінде күні бүгінде кездеседі деседі. Бір сөзбен айтқанда Америка құрлығындағы аллигатор, кайман тұқымдас Тынық мұхит аралындағы тіршілік иесі. Махамбет өлеңдеріндегі керіске де осы.

«Шандоз» (Қарағай шаптым шантоздап..., Керіскедей шандозым), - деп екі жерде ұшырасады. Бұл тілдік мағынасы жүйрік, жеңімпаз ат және сұлу әрлі жігіт мағынасын береді.

Әбіш Кекілбаевтың «Махамбет» аталатын дастаны - қазақ әдебиетіндегі Махамбет тақырыбына алғаш болып жазылған шығармалардың бірі. Дастан ақынның студенттік шағында 1958 жылы жазылған. Алғашында универ қабырғасынан ары ұзамай, кейіннен «Тандамалының» 6-томында жарияланып, көптеген әдебиетші зиялы қауым өкілдерінің оң бағасын алған дүние. Бірақ жарияланымға келгенде автор тым кірпияз, асығып-аптықпай жасырын ұзақ ұстапты туындысын. Туынды «Қызғыштың әні» Махамбеттің толғауы, Махамбет сынды бала перзентінің хәлі мен қоса қайғырған даласының жай-күйі, патшаның унтер офицері мен Махамбет арасындағы диалог эпилогтан тұрады. Барлығы - 252 жол. «Қызғыштың әні» арқылы Махамбеттің сол қиын-қыстау кезеңдегі жағдайын жақсы түсініп, басындағы күйдің пернесін дөп баса білген.

Туынды басы «Қызғыштың әнімен» оның желге қарата сөйлеуімен басталады, ұлт - азаттық көтерілістің көш басшысы қыраны болған ер жүрек ақынның бүгінгі жаяулатып дала кезген шағында ақын қызғыштың бейнесіне еніп, оны азынаған қыр желінің өтінен қорғаштап, табиғат құбылыстарын ішкі толғаныстарымен жандандыра білген. Жанашыр жан «арсылдап, абалаған» қырдың желінен жолаушысына араша түсе алмасын түсінді:

Қыр желі, Арсылдама, абалама!  
Құр жаяу жолаушына табалама...  
Көрдің бе зұлым желдің ушығуын  
Қиырдан төрт боп келген қос көзіне  
Шеңгелден қырдың құмын ұшыруын! [14]

Өлеңде қызғыш құста өктемдік, қаһар басым. Жолаушыға жанашыр болған қызғыш құс сарсаңға түскен ақынына өшіккен қырдың желіне ызаланады, сұстанады. Ыққа қарай ығыса қоятын емес, бет қарытпас

«арсалаңдап» сокқан желге қарсы жүрген «жолаушы» ақын Махамбет болатын. Өз заманының маңдайына сыймай кеткен абзал ердің қадірін аспандатпау үшін, тағдыры үшін өмір құбылыстарын өзара тілдестіре, Махамбет трагедиясы үшін мұндастыра келе, лиризмді күшейтеді.

Жырдағы ақынның тілінің уыты, көтеріп отырған мәселенің салмақ-жүгі сүйсіндіреді. Туындының басты мақсаты арнау болғанымен, ішкі сипаты басқада жатыр. Әбіш ақын дала кезген батырды жапан түздегі бір үйге кезіктіріп, патша унтерімен бетпе-бет әкеліп, олардың екеуара сөйлескен диалогын береді. Махамбетті қолға түсіруге барынша күш салып, жұмыстанған Унтер өктем сөйлеп Махамбетті қатты ызыландырады. Сонда Махамбет тұрып:

Басынба өйтіп даланы,

Олай деп төбет айта алман.

Мінгенің сенің шабаны,

Жүйрігі емес тайпалған.

Жолатпас олар маңына,

Жоласаң салар шалқаңнан [14, 42 б.], - деп, Унтерді төбетке теңеп, өзіне жолағанды шалқасынан түсірер асауға теңейді.

«Шандоздағы» үлкен жаңалық «Махамбеттің Шерниязға айтқан жұмбағын» жалпы қазақ тек белгілі нұсқасын ғана біледі де, жұмбақтың Абыл ақын шешкен нұсқасынан хабарсыз. Әбіштің сол хатты табуы, ізденісі, талдап түсіндіруі үлкен қарымдылығының белгісі. «Абылға жіберілген жұмбақтың мәтіні бөлектеу. Онда:

Әліп, ләм аймен тұрады алқам басы,

Мүйімнің бимен тұрады біссімліләсі.

Мүйімнің құйрығы имек, ортасы ақ.

Білсең айт, осы ненің нышанасы.

Он бүркіт, отыз аққу көлде жатқан,

Лашын қақпай қанат дәмін татқан.

Арқадан қайта айналып келгенімше

Шернияз шеше алмасаң өзің сақтан - делінген [15].

«Шернияз шарифаттан сөз сұрағасын, Махамбет те сұрағын шарифаттан айтуы керек еді... «Әліп» дегені - бір Аллаһ тағаланың аты еді. «Ләм» дегені Періштенің аты еді. Ай дегені Пайғамбарымыздың аты еді. «Мүйімнің» құйрығы имек, ортасы ақ дегені - Пайғамбардың өз үмбетіне икемдігі, жүрегінің ақтығы, пейілінің кеңдігі еді. «Он бүркіт» дегені пайғамбардың өзіне жақын он кеңесшілері еді. «Отыз аққу» дегені Дәуіттің жазым болған отыз ұлы еді. «Лашын қақпай қанат дәмін татқан» дегені сәждеден басыңды көтеруге мұрша бермей, жаныңды алатын жаналғыш Әзірейіл еді» [15, 308 б.], - депті.

Жұмбақ әсерлі, бірақ кез-келген адам тауып шеше алмастай күрделі. Осылайша зерделі, көзі шалғыш Ә.Кекілбаев Абыл ақынның нұсқасын

әдебиетіміздің қоржынына қайта оралтып, махамбеттануға сүбелі үлес қосты десек артық айтқандық болмас.

Қаламгер туындысында генерал - губернаторлардың да бейнесі ұшырасады, әдебиетімізде олардың да тұлғасы жіті зерттелген жоқ. «Үркер», «Елең-алаңда» губернатор Неплюевтің іс-әрекетін көрсетсе, «Шандозда» ол ойларын ұстартып, кемшін тартып айта алмай кеткендерін кең көлемде толықтырды.

Қысқаша айтқанда, «Шандоз» - Махамбет өмірінен жанды, тарихқа толы мағлұматтарды толықтай беріп, терең зерттеген, бірден-бір шығарма. Қазіргі қазақ филологиясындағы ең өресі, шоқтығы биік талдау, деректі тарихи баянның тілі шебер, ойы орнықты. Тарихи дерек аңызбен қоса, қысқа қайырып, топономикалық жер - су атауларын уақиға өткен мекенімен оқырманның танымдық дүнесін аша, әсерлі жеткізген.

Әнес Сарай Исатай мен Махамбет тақырыбына жазушылық тұрғыдан келіп, тарихи деректер тұрғысынан баяндаса, Әбіш Кекілбаев кең көлемде көсіле, тарихи деректерді молынан сүзе, сол дәуірге терең барлай, мұрағаттық ғылыми деректерге, ел аузынан жинаған мәліметтерге терең талдау жасай отырып, Исатай мен Махамбет айналасын терең зерттеп, сарабдал ой қорытқан, тың деректер тізген. Мұнда бұрын бізге беймәлім болып келген, тек біржақты қарастырылған бейнелер де талдауға түскен: Өтеміс, Жәңгір хан, Сырым батыр, Айшуақ, Махмұт, Баймағанбет сұлтан, Перовский, Қарауылқожа, олардың арғы тегі, т.б.

Осы еңбек бойынша түйеріміз:

- еңбектің ой-толғамдары тарихи, батыл, ғылыми әрі пайымды;
- көтеріліс шығу төркіні жайлы тың деректерге бай, Махамбет Өтемісұлы заманынан әрі ұзап, Өтемістен де әрі, осы кезеңге дейін ешкім айтпаған Құлмәлінің туған бауыры туралы аңыздарды елеп-екшей келе, Құлмәті жөнінде, сонымен қатар Исатай мен Махамбеттің өмірін әріден терең қозғап тың мәліметтер айтқан;
- еңбек тарихи-баян ретінде берілгендігімен, үлкен публицистикалық формада жазылған зерттеу, бұдан бұрын болмаған жоғары дәрежедегі ғылыми еңбек;
- зерттеушілер тарапынан елеусіз болып келген Махамбеттің жұмбағын қайта жаңғыртуы, әдебиетімізге қайта оралтуы, Абыл шешкен нұсқасын табуы төл әдебиетіміз үшін де құнды жаңалық.

Ендігі кезекте Махамбетті жырға қосып, сарынын жалғастырып, туындыларын зерттеумен айналыспаса да, тағдыры мен отты жырлары Махамбетпен үндес, ұқсас өрбитін Тоқаш Бердияров туралы сөз етеміз. Тоқаш Бердияров - қазақ поэзиясына от пен оқтың ішінде қару мен қаламды қатар ұстап, поэзияға өз дауысы, өз қолтаңбасымен келген, ешкімге ұқсамайтын өзіндік үні бар, бабалардың мұрасын жалғастырып жүрген белді өкілдерінің бірі.

1950 жылы төрт жылға жалғасқан қиян-кескі ұрысты, төрт жылдық әскери-теңіз өмірді артқа тастап елордаға табан тірейді. Қатыгез, зұлым жауға қарсы таянған қаруын, қаламға айырбастап, дүлей сезім мен кекті ызаны қайта тірілтіп, майдандағы ауыр зұлматты кезеңді еске алады. Ұрыс үстіндегі батырдың бар болмысын, жан тебіренісін шебер көрсете білген.

Тоқаш Бердияровтың «Дауылдан кейінгі тыныштық» деп аталатын 1970-жылы жарық көрген өлеңдер жинағына Махамбет сынды батыр бабасының ерлігін көрсететін жыры да қоса енген.

Мөлдірлігі көлімнің –  
Сұлулығы даламның  
Жер басса да қаншама,  
Қазекеннің адаспауын қарашы!  
Компас бопты еңіреген ерлерге –  
«Үркер», «Жетіқарақшы»  
Өлді ерлер алақандай жер үшін,  
Шайқас бар жерде бар жазым.  
...Осы бір тұстан өткен-ау,  
Ер Махамбет дүбірлетіп сарбазын?! [16].

Өлең «Атамекен» деп аталғанымен, сол қасиетті топырақта өсіп, ел мен жерді ақтық демі қалғанша қорғап, кеудесін оққа тосқан, тайсалмай өткен батырлардың ерлігін кеңінен насихаттауға арналған. Махамбет ақынды ерлік пен елдіктің ұраншысына балап, елдің бой түзер «Үркері мен Жетіқарақшысына» теңейді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қабдолов З. Ерлік пен елдіктің өшпес рухы. – Алматы: Арыс, 2001. – 160 б.
- 2 Майтанов Б. Махамбеттің автопортреті // Қазақ әдебиеті, 2003. – №36. – 12-14 б.
- 3 Жұмалиев Қ. Шернияз Жарылғасұлы. – Алматы: Арыс, 2001. – 128 б.
- 4 Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 375 б.
- 5 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 6 Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том. Ы.Шөреков. – Алматы: Жазушы, 1965. – 140 б.
- 7 Сыдықов Қ. Ақын-жазушылар. – Алматы: Ғылым, 1974. – 240 б.
- 8 Аманшин Б. Махамбеттің тағдыры. – Алматы: Жазушы, 1991. – 400 б.
- 9 Ығылман. Исатай – Махамбет. – Алматы: Арыс, 2001. – 204 б.
- 10 Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы: Жазушы, 1976. – 162 б.

- 11 Аманшин Б. Жыр - Семсер. – Алматы: Арыс, 2004. – 280 б.
- 12 Аманшин Б. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1974. – 296 б.
- 13 Махамбет. Ерулі атқа ер салмай. – Алматы: Жазушы, 1974. – 140 б.
- 14 Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. Т.VI. – Алматы: Өлке, 1999.
- 15 Кекілбаев Ә. Шандоз. – Алматы: Арыс, 2004. – 307-308 бб.
- 16 Бердияров Т. Дауылдан кейінгі тыныштық. – Алматы: Жазушы, 1970. – 102 б.